

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
04.09.2019 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИҒМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 04.09.2019 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, келесі мәселе – «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының Үкіметі арасындағы Азаматтық қорғаныс, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі Ерлан Заманбекұлы Тұрғымбаев мырзаға беріледі.

ТҰРҒЫМБАЕВ Е.З. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Сіздердің назарларыңызға «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының Үкіметі арасындағы Азаматтық қорғаныс, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Заң жобасын ұсынамыз.

Аталған келісімге 2018 жылғы 12 қыркүйекте Алматы қаласында Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі мен Армения Төтенше жағдайлар министрлігі арасында екіжақты кездесуі кезінде қол қойылды.

Келісім тараптардың біреуінің аумағында төтенше жағдай пайда болғанда көмек көрсету бойынша бірлескен іс-қимылдарды ұйымдастырады.

Келісімді ратификациялау:

1) төтенше жағдайды болжау саласында тәжірибе алмасу, қауіп төнген және туындаған жағдайда халықты дайындауға;

2) тараптардың оқу орындарында азаматтық қорғау саласында мамандарды оқытуға;

3) тараптың аумағында болған төтенше жағдайды жою кезінде көмек көрсетуге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының заңнамасы шеңберінде келісімде:

көмек көрсету мен жедел әрекет ету;

құтқару бөлімшелерінің шекараны жеңілдетілген кесіп өту және тараптың аумағында болу шарттары;

төтенше жағдайды жою кезінде құтқару құралдарын алып кіру және шығару бойынша мәселелер реттелген.

Бұрын осындай келісім Ресей Федерациясымен, Беларусь, Қырғыз, Әзербайжан, Тәжікстан республикаларымен және Украина, Грузиямен жасалынған. Барлығы 17 екіжақты, 13 көпжақты келісімдер жасалды.

Сондай-ақ Қазақстанның келісім шеңберінде армян тарапымен сейсмикалық қауіпсіздікті, оның ішінде жедел хабарлау мен халықты эвакуациялауды арттыру жөнінде тәжірибе алмасуы қарастырылған. Мәселен, 1988 жылы Спитак қаласындағы жер сілкінісінен кейін Армения Республикасы заң жүйесінде біраз өзгерістер енгізді.

Заң жобасының кері әсері жоқ және қосымша қаржылай шығынды талап етпейді.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Енді, құрметті депутаттар, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Жылқышиев Байділдә Жылқышыұлына беріледі.

ЖЫЛҚЫШИЕВ Б. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы. Мен қаралып отырған заң жобасын қолдаймын және әріптестерімді де қолдауға шақырамын.

Құрметті Ерлан Заманбекұлы! Қазақстан кейбір мемлекеттермен азаматтық қорғаныс, төтенше жағдайдың алдын алу және оларды жою саласында біршама мемлекеттермен осындай ынтымақтастыққа қол қойды. Атап айтқанда, осындай екіжақты 17 шартқа қол қойған екен. Олардың кейбіреуін айта кетейін. Мәселен, Қырғызстан мен біздің мемлекет арасында ортақ шекара бар. Ортақ шекарада егер төтенше жағдай бола қалса, сондай бір қауіп туындаса, ол жерде өзара іс-қимыл жасайтын қандай жоспарларыңыз бар?

Сол сияқты Әзербайжанмен де Каспий теңізінде шекарамыз бар. Барлықтарыңызға белгілі, өткен жылы «Теңіз-2018» оқу-жаттығулары өткізілді. Сол жердегі ортақ шекарамыздағы теңізде төтенше жағдайлар бола қалса, сонда қандай іс-қимыл жасаймыз деген мәселе туындап отыр.

Сонымен қатар алты жылдан бері Беларусь мемлекетінде өрт сөндірушілер, құтқарушылар мамандарын дайындап жатырмыз. Енді осындай ынтымақтастықты Армениямен жасамақшымыз. Оның қандай ерекшелігі бар? Соны айтып берсеңіз.

ТҰРҒЫМБАЕВ Е.З. Жаңа айтып кеттім, 1988 жылы Спитакта қатты жер сілкінісі болды, онда 25 мыңнан астам азамат қаза болды, 500 мыңнан астам үй қирады. Сол кезде Армения Республикасында көп жұмыс жасалынды. Зандар қабылданды, 20-ға жуық заңнамалық актіге өзгерістер енгізілді. Қазақстанның Алматы, Жамбыл, Түркістан, Шығыс Қазақстан облыстары жер сілкінісі болатын жерлер. Қазір біз ол мәселе бойынша жұмыстар жүргізудеміз. Арменияда болған жағдайды бізде болдырмас үшін жұмыстар жасаудамыз. Сол бойынша бізге тәжірибе алмасу өте қажет деп ойлаймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Рау Альберт Павловичке беріледі.

РАУ А.П. Рақмет, Нұрлан Зайроллаұлы.

Уважаемые коллеги! Я тоже поддерживаю данный законопроект и прошу его поддержать. В рамках рабочей группы мы разобрали многие вопросы, тем не менее в качестве уточнения у меня вопрос к заместителю Министра финансов.

Руслан Бахытжанович, в любом случае это затраты. Как выяснилось в рабочей группе, только один перелет в сторону Армении, если не дай Бог что-то случится, стоит 6 миллионов. Понятно, что в бюджете Министерства внутренних дел по линии Комитета по чрезвычайным ситуациям на предупреждение и ликвидацию последствий бюджет составляет порядка 5-6 миллиардов, но это же наш внутренний бюджет.

Поэтому хотел бы все-таки уточнить, если придется финансировать, то за счет каких источников, и будет ли это только бюджет Министерства внутренних дел? Спасибо.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, Руслан Бахытжанович Бекетаев.

БЕКЕТАЕВ Р.Б. Большое спасибо.

Уважаемый Нурлан Зайруллаевич! Уважаемые депутаты! На самом деле у Правительства есть чрезвычайный резерв, который составляет 3,5 миллиарда тенге. Каждый раз, когда Казахстан оказывает гуманитарную помощь, данный вопрос рассматривается на комиссии, которую возглавляет Первый заместитель Премьер-Министра и в рамках которой принимается соответствующее решение о выделении средств. Если будет принято такое решение в рамках данной комиссии, то денежные средства либо какие-то технические средства будут выделены. Источником финансирования является резерв Правительства.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, Ерлан Заманбекович.

ТҰРҒЫМБАЕВ Е.З. Действительно, деньги будут выделяться, но в соглашении есть еще два таких пункта. В первые трое суток мы, Министерство внутренних дел, сами обеспечиваем спасательный отряд, который вылетает на территорию другого государства. То есть у них будет полностью снаряжение, необходимое на трое суток, питание, палатки, спальные мешки. Трое суток мы практически автономно, в самостоятельном режиме работаем. В дальнейшем страна, попросившая о помощи, будет финансировать до окончания всех рисков.

У нас предусмотрен максимальный срок – до 14 суток, который будет продлеваться решением Правительства.

Насчет воздушных бортов. Действительно, это очень дорогостоящее мероприятие. Поэтому обговариваем заранее, что если мы поднимаем воздушное судно, то оплачивает его приглашающая сторона. Оплачивает полностью – аэронавигация, посадка в аэропорту, снабжение топливом и возврат обратно.

Вот на таких условиях мы сегодня работаем.

ТӨРАҒА. Расходы в первые сутки вам потом компенсируются решением правительственной комиссии по возврату денег. Это не за счет средств опять-таки Министерства внутренних дел. Им сейчас средства нужны на другое. Им жезлы вернули. Деньги нужно туда...

ЗАЛДА КҮЛКІ.

ТӨРАҒА. Видите, как радуется министр? Им жезлы вернули, это как для хирурга скальпель.

ЗАЛДА КҮЛКІ.

ТӨРАҒА. Жаксы.

Сөз депутат Олейник Василий Ивановичқа беріледі.

ОЛЕЙНИК В.И. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Мой вопрос адресован докладчику и представителю Министерства экологии, геологии и природных ресурсов.

В соответствии со статьей 4 соглашения одной из форм сотрудничества государств сторон является обмен мониторинговой информацией о состоянии окружающей среды. Такая форма сотрудничества для нас актуальна и является новшеством в данной области.

Как известно, организация и осуществление экологического мониторинга находятся в ведении уполномоченного органа в области охраны окружающей среды.

В связи с этим у меня следующие вопросы.

Первое. Уважаемый Ерлан Заманбекович, скажите, пожалуйста, каким министерством будет осуществляться обмен данной информацией? Если Министерством внутренних дел, то какой механизм будет?

Второе. О каких видах информации идет речь? Какой результат ожидается от обмена информацией?

Также прошу представителя Министерства экологии, геологии и природных ресурсов прокомментировать эти вопросы. Спасибо.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, Ерлан Заманбекович. Потом Министерство экологии, геологии и природных ресурсов.

ТҮРҒЫМБАЕВ Е.З. Спасибо за вопросы.

На самом деле сегодня между двумя министерствами существует соглашение в части информирования по чрезвычайным ситуациям техногенного характера. Если существуют риски угрозы жизни граждан, угрозы для нашей страны либо на приграничной территории, в первую очередь, конечно, информация идет по линии Министерства внутренних дел. Если это общие техногенные чрезвычайные ситуации (ураганы, погодные условия), то информация идет по линии Министерства экологии, геологии и природных ресурсов.

Вот недавно были пожары на территории Российской Федерации. В первую очередь МЧС России уведомило нас о том, что начался пожар, который идет в сторону нашей границы. Вдоль границы по Северо-Казахстанской и Костанайской областям нами были выставлены специальные пожарные наряды, чтобы огонь не перешел на нашу территорию.

У нас идет своевременный обмен в двух вариантах.

Во-первых, по линии дежурных частей непосредственно МЧС, КЧС, где сообщаются подробные данные. Допустим, если по сейсмологии, то сколько баллов на магнитном уровне, какой магнитуды было землетрясение, какие тектонические разломы.

Во-вторых, по линии Министерства внутренних дел идет общая информация для сведения, что на территории этого государства произошло такое-то событие, погибли люди, а также уведомляется, есть ли там граждане Республики Казахстан. Если граждане Республики Казахстан есть, то мы совместно с Министерством иностранных дел сразу же принимаем меры по эвакуации и оказанию помощи. Допустим, недавние события в Турции.

В позапрошлом году погибли 52 гражданина Узбекистана на территории Актюбинской области. Тогда МЧС Узбекистана в соответствии с договоренностями сторон на второй же день выслало борт МЧС для транспортировки тел своих граждан на территорию Узбекистана.

Вот такая работа проводится.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Пожалуйста, вице-министр экологии, геологии и природных ресурсов Жаркешов Санжар Серикбаевич.

ЖАРКЕШОВ С.С. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Қазақстан Республикасының Үкіметінің және Армения Республикасының Үкіметінің арасындағы Азаматтық қорғаныс, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді толықтай қолдайды.

Осы келісімнің шеңберінде Бірыңғай қоршаған ортаны қорғау мемлекеттік мониторинг жүйесі бар, сол жүйе арқылы екі мемлекет ақпараттармен алмасады. Сол ақпаратты біздің министрлік сараптап, талдап, Үкіметке жолдайды.

ТӨРАҒА. Жақсы.

Жаңа оны Ерлан Заманбекұлы да айтты. Көрші елдер бізге анықтама берген кезде сіздердің министрлік ақпаратты тездетіп берулері керек. Мысалы, осыдан екі-үш апта бұрын Ресейде болған өрт туралы айттыңыз. Бізге ақпаратты көрші елдер берді. Ол ақпаратты ұстап, анықтаманы бермей, халықтың арасында у-шу шыққаннан кейін беріп жатырсыздар. Оны алдын ала беру керек. Келістік пе?

ОРНЫНАН. Келістік.

ТӨРАҒА. Жақсы.

Сөз депутат Тілеухан Бекболат Қанайұлына беріледі.

ТІЛЕУХАН Б.Қ. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Қадірлі Ерлан Заманбекұлы! Менің сұрағым да осы келісімнің 4-бабына қатысты болып отыр.

Төтенше жағдайлар туындаған кезде тәуекелдерді сақтандыру жүйелерін қолдану перспективаларын зерделеу саласында тәжірибе алмасу туралы бапта айтылған.

Негізі бұл өзі ынтымақтастықты салыстырмалы түрде жаңа нысаны деуге болады. Елімізде төтенше жағдайлардың зардаптарынан міндетті сақтандыру мәселелері заңнамалық тұрғыдан реттелмейді. Мүмкін, міндетті сақтандыру жүйесін енгізетін кез келген шығар. Ол мемлекеттік бюджетке түсетін ауыртпалықты әжептеуір азайтады, осы саладағы сақтандыру нарығын дамытуға мүмкіндік береді деп ойлаймыз. Осыған байланысты сұрағым бар.

Ереке, төтенше жағдайлардың зардаптарынан сақтандыру жүйесін жетілдіру бойынша сіздердің қандай жоспарларыңыз бар? Сол жөнінде айтып берсеңіз.

ТҰРҒЫМБАЕВ Е.З. Ол мәселе бойынша жұмыс тобында мемлекеттік органдармен көп жұмыс жасалынды. Біз сақтандыру мәселелерінің бәрін қарастырдық. Бүгінгі күні Америка мен Жапония мемлекеттерінде ғана бұндай заң бар, басқа мемлекеттерде жоқ. Біз осы мәселені қарастырып жатырмыз, бірақ әлі шешім шығарған жоқпыз.

ТӨРАҒА. Руслан Бақытжанұлы, осы мәселе бойынша қосатыныңыз бар ма? Жок. Жақсы.

Сөз депутат Теміржанов Мұрат Баритұлына беріледі.

ТЕМІРЖАНОВ М.Б. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Уважаемый Ерлан Заманбекович! Пунктом 3 статьи 8 рассматриваемого нами соглашения предусмотрена возможность отмены направленного запроса об оказании помощи стороной, нуждающейся в помощи. В то же время в соглашении досрочный отзыв аварийно-спасательного отряда стороной, предоставившей помощь, не предусмотрен. Не стоит исключать случаи, когда помогающей стороне в силу форс-мажорных обстоятельств самой может понадобится помощь.

В связи с этим у меня следующие вопросы.

Скажите, пожалуйста, как быть в таких ситуациях? Возможны ли такие прецеденты в будущем? Из каких соображений, обстоятельств и расчетов вы исходите при направлении наших спасателей? Рақмет.

ТҰРҒЫМБАЕВ Е.З. В данном соглашении этот вопрос прямо не прописан. Он регулируется национальным законодательством. В случае форс-мажорных обстоятельств на территории страны мы имеем право все наши подразделения, которые находятся за пределами, отозвать обратно. Таких случаев у нас никогда не было. Мы всегда исходим в первую очередь из интересов нашей национальной безопасности, потом уже из интересов других государств. Поэтому если необходим будет отзыв, мы, конечно, отзовем все наши отряды, чтобы у себя ликвидировать ту или иную чрезвычайную ситуацию. Но еще раз говорю, такого в практике у нас не было ни с одной страной, с которой заключено соглашение.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Бопазов Марат Дәрібекұлына беріледі.

БОПАЗОВ М.Д. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Ерлан Заманбекұлы! Келісімнің 4-бабында азаматтық қорғаныс, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласында мамандарды даярлау, қайта даярлау, біліктілігін арттыру көзделген. Сонымен бірге бізде бірнеше елмен осыған ұқсас келісімдер бар. Оларға сәйкес 200 қазақстандық курсант Мәскеу Азаматтық қорғау академиясында, Санкт-Петербург Мемлекеттік өртке қарсы қызмет университетінде және Беларусь Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Азаматтық қорғау университетінде білім алып жатыр және бұл көптеген жылдардан бері жалғасын табуда.

Біздегі Көкшетау Техникалық институты азаматтық қорғау саласындағы мамандарды даярлауды жүзеге асырады. Осыған байланысты өзіміздің оқу базамызды нығайтатын кез келген шығар. Бұл қаражатты Көкшетау институтын дамытуға жіберген жөн емес пе?

ТҰРҒЫМБАЕВ Е.З. Сұрағыңызға рақмет.

Бұл мәселе қазір бізде күн тәртібінде тұр. Көкшетау Техникалық университетінде бүгінгі күні 589 курсант оқып жатыр. 200-дей курсант Мәскеуде, Санкт-Петербуркте оқиды. Ол Ресейдің Төтенше жағдайлар министрлігінің арнайы оқу орындары. Беларусь елінде де осындай бір институт бар.

Биыл біз тағы төрт аймақта төрт филиал аштық, олар Ақтөбеде, Шымкентте, Өскеменде және Көкшетауда. Бізге мамандар керек. Өздеріңіз білесіздер, төтенше жағдай мамандарын арнайы дайындайды. Келесі жылдан бастап біз өз азаматтарымызды шетелге жіберуді азайтамыз, оларды өзімізде дайындауымыз керек.

ТӨРАҒА. Әрине, оны приоритет ретінде шетелге жіберіп... 200 дедіңіз ғой? 200-ден аса. Білмеймін, ол қаншама қаражат екенін. Ол қаражатты Көкшетаудағы университетке жіберсек, оның базасын да дамытуға болатын еді. Оны ойластыруымыз керек.

ТҰРҒЫМБАЕВ Е.З. Биыл төрт филиал аштық.

ТӨРАҒА. Жақсы. Рақмет. Сонымен сұрақтарымыз аяқталды. Ерлан Заманбекұлы, рақмет Сізге. Орныңызға отырыңыз.

Енді, құрметті әріптестер, қосымша баяндама жасау үшін сөз Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитетінің мүшесі депутат Шиповских Геннадий Геннадиевичке беріледі.

ШИПОВСКИХ Г.Г. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының Үкіметі арасындағы Азаматтық қорғаныс, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңы

жобасының негізгі ережелерін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрі Ерлан Заманбекұлы Тұрғымбаев баяндап берді.

Келісім Қазақстан мен Армения үкіметтері құзыретті органдарының азаматтық қорғаныс, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы ынтымақтастығының құқықтық негіздерін белгілеуге бағытталған.

Келісімде төтенше жағдайларды жою кезінде өзара көмек көрсету тәртібі регламенттеледі. Көмек сұрау салу негізінде көрсетіледі, онда сұрау салушы тарап төтенше жағдайдың сипаты туралы ақпарат береді, қажетті көмектің түрі мен көлемін көрсетеді. Беруші тарап сұрау салуды қысқа мерзімде қарайды және көмек беру мүмкіндігі, көлемі мен шарттары туралы сұрау салушы тарапқа хабарлайды.

Қолда бар ақпаратқа сәйкес, бұл келісім азаматтық қорғаныс, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы 31 халықаралық келісім болып табылады, олардың 18-і – екіжақты келісім, 13-і – көпжақты келісім.

Құрметті әріптестер, Мәжілістің барлық комитеттері оң қорытындыларын берді.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті заң жобасын мақұлдап, оны Парламент Сенатына жіберуді ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Геннадий Геннадиевич.

Енді, құрметті депутаттар, заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Хаменова Бакытгүл Қайржанқызына беріледі.

ХАМЕНОВА Б.Қ. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті депутаттар! Тәуелсіздік алғаннан бері Қазақстан ірі ауқымды төтенше жағдайлардан зардап шеккен елдерге тұрақты негізде көмек көрсетіп келеді. Өңірдегі елдермен қатар біз Катрина дауылының салдарынан зардап шеккен АҚШ, Қиыр Шығыстағы су тасқынының зардаптарын жою кезінде Ресей, Сычуань провинциясындағы жойқын жер сілкінісі салдарынан Қытай сияқты елдерге де көмек көрсеттік. Әлемдік қоғамдастыққа Ауғанстанды қалпына келтіру бойынша жәрдемдесу шеңберінде Қазақстан жыл сайын осы елге гуманитарлық көмек көрсетіп те келеді.

Ескерер тұсымыз, біздің еліміз проблемаларын өз күшімен шеше отырып, басқа мемлекеттерден ешқашан гуманитарлық көмек сұрамаған екен. Бұл еліміздің және оның ішінде азаматтық қорғау жүйеміздің орнықты екендігінің бір дәлелі болып табылады.

Қазақстан апаттар, авариялар және табиғи катаклизмдер себеп болған төтенше жағдайлардың қауіп-қатері мен туындау қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша қолдан келген қажетті шараларды қабылдауда. Жедел қызметтердің сейсмикалық қауіптілік туралы деректерді күні бұрын алуға мүмкіндік беретін қазіргі заманғы жабдықпен жарақтандырылғанын да атап өту керек.

Қаралып отырған келісім армян әріптестерімізбен тиісті ақпарат және озық тәжірибе алмасу арқылы төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жоюдың қолданыстағы жүйесін жетілдіруге, сондай-ақ бір тараптың ғана күшімен жоюға келмейтін ірі ауқымды төтенше жағдайларға бірлесіп ден қоюға мүмкіндік береді.

Сонымен бірге Ішкі істер министрлігіне және тұтастай алғанда, Үкіметке жаңадан жасалатын келісімдердің жобасын сапалық жағынан пысықтау жөніндегі жұмысты күшейту қажет, өйткені олар мазмұндас болып келеді.

Сондай-ақ тағы бір ескерер мәселе бар. Қазіргі уақытта шектеулі қаржыландыру жағдайында өрт сөндіру техникасының қолда бар паркінің қарқынды тозуы байқалады, қазіргі таңда олардың жарактандырылуы нормативтік қажеттіліктің 100 пайыздың небәрі 34 пайызын ғана құрайды, тіпті 50 пайызға да жетпей жатыр. 130-дан астам өрт сөндіру депосын кезең-кезеңімен салу, арнайы техника мен мамандандырылған автомобильдерді сатып алу мәселелері өзекті болып табылады.

Апта басында жарияланған Президент Қасым-Жомарт Кемелұлының Қазақстан халқына Жолдауында апаттардың елде ғана емес, әлемде жиіленгендігін және азаматтарды табиғи құбылыстар мен техногендік сипаттағы апаттардан қорғау мәселесіне баса мән берілуі қажеттігі нақты айтылды.

Тегеуірінді әскер қалыптастыру мен Ішкі істер министрлігін реформалауға алдағы үш жылдың ішінде 173 миллиард теңге бөлінеді деді. Жаңа серпіліс беретін сәт келді. Өзге елмен иық тірестіретін уақыт жетті.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Үкіметке аталған мәселелерді шешу бойынша тиісті шараларды қабылдау қажет.

Сөзімді қорытындылай келе, бұл заң жобасы өзекті әрі уақтылы болып табылатынын атап өткім келеді. Өйткені тараптардың өзара іс-қимыл жасауы аркасында ол тиісті қызметтерге болашақта төтенше жағдайлардың туындау тәуекелдері мен қауіп-қатерлерін бағалауға мүмкіндік береді.

Әріптестерімді қаралып отырған заң жобасын тұтастай қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Бақытгүл Қайржанқызы.

Басқа талқылауға жазылған депутаттар жоқ. Құрметті әріптестер, талқылау барысында бір ғана ұсыныс түсті – заң жобасын тұтастай мақұлдау жөнінде. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, онда осы ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Осы мәселе бойынша қаулының жобасы сіздерде бар. Сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. "Қатысып отырғандар" - 104,
"жақтағандар" - 104. Қаулы қабылданды.



*Аудис: Құжаттамашен қалташасыз ету
бөлімінің сектор мен герушесі
Н. Дикова*